

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІНДЕГІ МАГИСТРАТУРАНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Бағдарламаның жалпы сипаттамасы

Бағдарлама бейіндік магистратураны бітірген және тиісті бейін бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асырғысы келетін адамдарға арналған.

2. Бағдарламаның мақсаты ж оғары білім беру жүйесінде ғылыми-педагогикалық

қызметті жүзеге асыруға бейіндік магистратураны бітірген мамандарды даярлау

болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- Бейіндік магистратураны бітірген және өз бейіні бойынша терең білімі

бар тыңдаушыларда өздерінің пәндік білімдері мен тәжірибелерін оқытуда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін педагогикалық құзыреттерді қалыптастыру.

- ЖОО-да табысты оқытушылық қызмет үшін қажетті негізгі педагогикалық теорияларды, әдістер мен технологияларды оқыту арқылы педагогикалық шеберлікті дамыту.

- Білім беру процесін жақсарту үшін цифрлық және инновациялық технологияларды қолдануға үйрету.

- Білім беру саласында ғылыми зерттеулер жүргізу үшін қажетті зерттеу құзыреттерін дамыту.

4. Оқытудың еңбек сыйымдылығы 30 академиялық кредитті, 900 сағатты құрайды,

оның 26 кредиті - теориялық оқыту, 4 кредиті - педагогикалық іс-тәжірибе.

5. Білім беру процесі курстың оқу және күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады. Теориялық оқыту және педагогикалық практика қарастырылған. Оқу барысында тыңдаушы 4-5 кредит көлемінде 6 пәнді меңгереді. Пәнді оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушы аралық аттестаттаудан өтеді. Педагогикалық практика теориялық оқытудан кейін өтеді. Педагогикалық практиканы тыңдаушы магистратура бағдарламасына жетекшілік ететін кафедрада өтеді.

Білім беру процесі онлайн сабақтарды, офлайн сабақтарды және тыңдаушылардың өзіндік жұмысын біріктіреді. Оқыту процесінде заманауи білім беру технологиялары мен оқытудың интерактивті әдістері қолданылады.

6. Бағдарламаны игерудегі күтілетін нәтижелері

ОН1	Оқу процесін ұйымдастыру, білімді басқару және бақылау принциптерін қоса алғанда, жоғары білім педагогикасының теориялық және әдіснамалық негіздерін түсіну және қолдану.
ОН2	Өзекті педагогикалық мәселелерді шешу және жеке ғылыми жұмыстарды дайындау үшін білім беруде ғылыми зерттеу әдістерін немесе пәнаралық тәсілді қолдану.
ОН3	Оқытудың заманауи әдістерін қолдана отырып және нақты білім беру процесінің ерекшеліктерін ескере отырып, ЖОО-да бейіндік пән бойынша оқу сабақтарын жоспарлау, өткізу және талдау.
ОН4	Қазіргі педагогикалық ой мен білім беру жүйелерінің қалыптасуына әсерін бағалау үшін философиялық және ғылыми идеялардың тарихи дамуын талдау.
ОН5	Оқытуды жекелеңдіру және тиімділігін арттыру үшін жасанды интеллект принциптері мен әдістерін қоса алғанда, білім беруде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдалану.
ОН6	Заманауи білім беру технологияларының мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық модельдер мен оқытудың тиімді әдістерін таңдау және қолдану, қолайлы цифрлық технологиялар мен платформаларды пайдалана отырып, қажетті оқу материалдарын таңдау немесе әзірлеу.

7. Курсты аяқтау нысаны: куәлік.